Амансың ба, алтын күн!
Амансың ба, көк аспан!
Армысың ба, жер –ана !
Амансың ба, достарым!
Жалқаулықты тастайық,
Сабағымызды бастайық.

# “Гүл сыйлаймын”



# 2. Топқа бөлу

1-топ “Жанды табиғат”
2-топ “Жансыз табиғат”








# 3. Жұмбақ шешу



Жиып-теріп
болатын,
Қамбаға астық
толатын,
Қызыл қырман
ойнайтын,
Қай мезгіл деп
ойлайсың?



Шанамен
зырлап
желетін,
Шаңғы, коньки
тебетін,
 Аққала жасап
ойнайтын,
Қай мезгіл деп
ойлайсың?



Бұлтты айдай
желетін,
Нөсерлеткен,
селдеткен,
Шалшық кешіп
ойнайтын
Қай мезгіл деп
ойлайсың?



Қойның толы
жеміске,
Көк майсалы
еңісте
Көбелек қуып
ойнайтын
Қай мезгіл деп
ойлайсың?

# Жыл мезгілдері



Бұл мезгілдерді бір сөзбен қалай атауға болады?

Күз мезгілі туралы не білесің?

Қыс мезгілі туралы не білесің?

Көктем мезгілі екенін қайдан білдің?

Неліктен жаз мезгілі деп ойлайсың?

Сабақта не туралы айтамыз?
Бүгінгі сабақта не үйренеміз?
Қандай тапсырмалар орындаймыз деп ойлайсыңдар?

# Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушылар жыл мезгілдері туралы айтады,  олардың ерекшелігін біледі, салыстырады.
Дамытшылық: Оқушылар өз беттерінше ізденіп әрекеттену арқылы білімдерін қолдана алады.
Тәрбиелік: Оқушылар топта бірлесіп жұмыс істеуге және бір-бірінің пікірін тыңдауға үйренеді .



# Бағдаршам көздерімен бағалау





| | | |
|---|---|---|
| Бәрін дұрыс орындаған | Толық емес 1-2 қате бар | Дұрыс емес 3 қате кеткен |

# І. Білу.

## 1.“Кел, ойнайық”.

## “Өз үйіне орналастыр” ойыны

Тақтадағы жыл мезгілдерінің суретінің тұсына ай аттарын бөліп жапсыру



| | | | |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | Желтоқсан | Наурыз | Маусым |
| Қазан | Қаңтар | Сәуір | Шілде |
| Қараша | Ақпан | Мамыр | Тамыз |



# II. Түсіну

**“Қай жұп жылдам?” 1.**Берілген табиғат құбылыстарын жыл мезгілдеріне қарай сәйкестендір.



























2. “Қай зат артық”  Неге артық?












# III. Қолдану.

Қазіргі жыл мезгілін "Коллаж" құрастыру арқылы суреттеп көрсету
1- үштік "Мектеп ауласы". 2- үштік "Біздің ауыл"



# Сергіту сәті

**Күндей болып күлеміз,**
**Гүлдей болып өсеміз**
**Құстай болып ұшамыз**
**Көбелектей қонамыз**



# IV. Талдау

**1-топ тапсырмасы “Балық сызбасы”.**
Берілген сөздерді пайдаланып, күз және көктем мезгілдерін сызбаға салыстыра отырып орналастыру






**2-топ тапсырмасы “Балық сызбасы”.**

Берілген сөздерді пайдаланып, қыс және жаз мезгілдерін сызбаға салыстыра отырып  орналастыру






# V. Жинақтау

**“Пирамида” әдісі.** Пирамида да берілген тірек сызба арқылы өзіне ұнайтын жыл мезгілдеріне байланысты сөйлем құрап айт.

“Автор орындығы”



# VI. Бағалау

**1.”Мен туған мезгіл”  ойыны.**

Сен қай жыл мезгілінде тудың ? (ортада сызылған шеңбердің ішіне кіру) Ол жыл мезгілі саған неге ұнайды немесе неге ұнамайды? Бұл жыл мезгілінің несімен мақтана аласың?



**2. Кері байланыс:** - Сабақтан қандай әсер алдың?

- Жыл мезгілдерінің қандай ерекшеліктерін білдің ?
- Қандай тапсырманы орындағанда қиындық туды?

**3. Бағалау** “Мәуе ағашы” ( жапырақтарды жапсыру)





Сабақ қызықты болды, мен бәрін түсіндім



Сабақ ұнады, кейбір тапсырмаға түсінбедім



Сабақ ұнамады, мен ештеңе түсінбедім

**4. Үй тапсырмасы:** Өзіңе ұнайтын жыл мезгілінің суретін салып келу